

Нұрхан Ахметбеков



Есім сері

ЕСІМ СЕРІ

Қалар бос жалқау құлақ берген сыйдан,
Тыңдамай қапы отырып, қалма бейқам,
Ғашықтық ер жігітке бір үлкен дерт
Қандай жан мұндай іске жанын қиған.

Меймандос мейірбанды Мендіқара
Шақыртып бір мәжліске елін жиған.
Өзінің үзеңгілес қарияларын
Құрметтеп ордасына етті мейман.

Шонжарлар майқанада басын қосқан,
Бірі айтып, бірі тыңдап, сөзін тосқан.
Құлдықта талайлардың күні кешіп
Байлауда өткен қолы болмай бостан.

Жиған мал абырой, бақ күштінікі,
Болған кез біреулер жер, біреу аспан.
Бақталас, бай бәсеке, ел жіктесіп,
Момындар малын бағып, аузын басқан.

Жолаушы дәулетті үйге түседі көп,
Жүргенде жортуылда әрбір тұстан.
Дүрілдеп түрлі кеңес қызған кезде
«Сөйлес-ау» - деді біреу сонда тыстан.

Бұйырды Мендіқара бірің бар деп,
Түсіріп үлкен болса қолын ал деп,
Жолаушы бір құдайы мейман шығар,
Үйге әкел, пісулі дәм дайын бар!- деп.

Бір жігіт үйден шығып барды көріп,
Қарт екен шылбыр тұтты сәлем беріп.
Түсіріп үй артына атын байлап,
Есіктен бір шал кісі келді еніп.

Орынды дәл ортадан алып орын,
Көрмеген бір қарт кісі мұнан бұрын,
Жел сөзге төрт аяғы бірдей жорға
Сөйлесіп байқағанда сөздің түрін.

Болгандай заманында ердің басы.
Үлгілі бір қария бой тұлғасы,
Шүй желке, дүлей қабақ, қызыл шырай,
Жетпістен асыңқырап кеткен жасы.

Отырды бұл кісімен кеңес құрып,
Әдеппен бір-біріне мойнын бұрып,
Қызынып, қымыз ішіп отырғанда
«Сөйлес-ау!» деді сырттан тағы тұрып.

Және айтты Меңдіқара: «Барып кел!— деп,
(Меңдіні жұрт мактайтын қалыпты ер деп.)
Оңаша үй артына атын байлап,
Құрметтеп болса мейман алып кел!» деп.

Тағы да барды бірі қадам басып,
Сөйлесіп аз кідірді амандасып.
Түсіріп үй сыртына атын байлап,
Әкеліп кіргізеді есік ашып.

Есіктен келіп тұрды беріп сәлем,
Бір асқан көрінеді көрікті адам,
Көрінді салтанаты жаннан бөлек,
Таңданды айбатына көріп тәмам.

Кең маңдай, орта бойлы, ай қабақты.
Қыр мұрын, қызыл жүзді, ұзын жақты,
Оралған екі мұрты құлағына,
Бүкпелі белде семсер алтын сапты.

Тактайдай жауырыны кең, көкіректі,
Жоталы жолбарыстай сом білекті,
Келте тон, күлте белбеу, қырым балақ,
Жез қалпак, жарма қоныш көк етікті.

Көрмеген бұл сықылды асыл текті,
Таңырқап талайлардың есі кетті,

Бес қару белде - сайман жарасып тұр,
Көрінді әлеуметке тым келбетті.

Қарайды манағы шал айырмай көз,
Бұзылып нұрлы жүзі болғандай жез,
Ұмтылды төрден тұра қолын жая,
Әлеумет қайырмастан отырды сөз.

Көзінің токтата алмай жасын тыйып,
Айырып болар емес көңілін қиып,
Бұл-дағы елу шалған бір ер кісі
Өксіді бір-бірінің қолын сүйіп.

Құшағын айырмастан тұр мұңайып,
Секілді бейне ғашық, ерлі-зайып,
Үйдегі жиналған жұрт мұны көріп,
Қарайды мынау іске таңғажайып.

Бір кезде айрылысып келді төрге,
Тізелес орын берді келген ерге.
Тым-тырыс үйдің іші отырысты,
Сөз бастап сөйлесін деп үлкендерге.

Аздан соң Мендіқара сұрады жөн:
- Меймандар көрінбейсіз бір ерден кем,
Кісідей сағынысқан көрінесіз,
Ал енді түсіндірші, і жөндерің кім?..

Үлкен қарт сонда отырып айтты жайын,
Сөйлесе ағызады тілдің майын,
- Сыпайым, сыр бердің деп кінә қойма,
Бұл жігіт жалғыз менің күн мен айым.

Өз атым Есмағамбет, руым Қыпшак,
Жүруші ек Қазанбас пен Аман қыстап,
Ел билеп ерлік еткен кісі емеспін,
Айтайын алсаң ұғып, сөзімді ұстап.

Атақты Әлім байға түйе бақтым,
Адалдық қызметіммен байға жақтым.
Алты жыл Қазанбасы, Аман жайлап,
Отарда он мың қара бағып жаттым.

Жаз жайлап үстімізге келеді Әлім,
Есептеп айтып болмас жиған малын,
Қыр жайлап, ылди қыстан көше жүріп,
Ойлаған мақсатының қылған бәрін.

Мен өзім жалғыз баспын, балам да жоқ,
Ағайын, ілік-жекжат, қарам да жоқ.
Бұл жігіт менің жалғыз жиенім ед,
Риясыз балалықтан алаң да жоқ.

Ұл болып қияметтік қолымда өсті,
Осыдан басқа менің панам да жоқ.
Өскен соң Әлім байға жігіт болды,
Бермеске мұны қолдан шамам да жоқ.

Қатырып ат мінгізді арғымақтан.
Ақ сұңқар алып қолға қарғылатқан.
Орынбор, Омбы, Сібір, Еділ, Жайық
Мал тартып алдырады әрбір жақтан.

Атағы бұл жігіттің «Есім» дер ед,
Айтушы ед Орта жүзге Есім бел ед,
Белгілі қайтпас болат қайратты ер
Мақал бар: «Есім барса, есен келед».

Есімге Әлім әбден сеніп алған,
Соңынан талапкерлер еріп алған,
Алтайдан тау жылқысын таңдап жүріп
Қан күрең сексен тұсақ беріп алған.

Қыдырып Қырым жағын, Қытай шегін,
Есімге ел бетінде дүние тегін,
Қайратты әрі батыр, өзі сері,
Егескен талай жаудан алған кегін.

Қараңғы жортуылда жүреді жай,
Жас түлек, жүрегі мас, көңілі бай,
Бұл Есім күрең атпен бір кеткенде
Кешігіп келмей қалды он сегіз ай.

Отырдық үміт үзіп, өлді ғой деп,
Сау болса келер кезі болды ғой деп,

«Жалғыз оқ - ер ажалы» деген сөз бар,
Жортуыл жолда басы қалды ғой деп.

Ауылым Амансордың көлбеуінде,
Әлімнің отырушы ем пендеуінде.
Түйеден кешке таман үйге қайттым,
Екі мес шұбатым бар теңдеуімде.

Ағаштың арасында үйге келсем,
Арыстай күрең ат тұр белдеуімде,
Қуанып үйге кірсем Есім отыр,
Шешпеген белде қылыш, белбеуін де.

Көргенде-ақ сәлем бере тұрды ұшып,
Бір сүйдім білегінен қолын қысып,
Шешесі дайын етіп қойған екен,
Жүруге ыңғайланды дәмін ішіп.

Атына үйден шығып мініп алды,
Беліне бүкпелісін/¹ іліп алды,
Жолыма батанды бер, нағашым,- деп
Есікте көлденеңдеп тұрып алды.

Қоржынға азық салып алған артып,
Тоқталып тілге келмес мұнан артық,
«Есім көрдім деменіз ешбір жанға», -
Деді де күрең атпен кетті тартып.

Көзімнен ал дегенше болды ғайып,
Дұға қып қала бердім, қолды жайып,
«Есім көрдім» дегем жоқ ешбір жанға,
Қапыда кетті-ау, дедім қолдан тайып.

Ертемен есептедім малымды кеп,
Барады күйік шіркін жанымды жеп,
Бір жігіт мал басына келді шауып,
«Әлімнің кара арғымағы алынды!» деп.

Әлімге мен де келдім асып-сасып,
Далада Әлім отыр түсі қашып,
- Есеке, Есім келген жоқ па?- деді,
- Келген жоқ,- дедім байға құтым қашып.

- Қара атты ұйғармаймын басқаларға,
Япырым-ай, Есім маған қас болар ма?!
Қара атты Есім ұстап тоқтатушы ед,
Жеткізбес күрең аттан басқа малға.

- Ой, тәйір-ай, Есім келсін дедім қайдан?
Әлім де сеніп сөзге қайтты райдан.

- Жок еді Есім алса өкінішім,
Қаралсын өлімтігі ор мен сайдан.

Әр жерге сұрау салып хат жолдады,
«Сүйіншім айтушыға он бір тайдан»,
Екі атпен Есім кетті дерек болмай,
Тілеймін сақтай көр деп бір құдайдан.

Отырдық мынау іске аң-таң қалып,
Бір ай өтіп, екінші ай болды жарық.
Тал түсте сегіз солдат жетіп келіп,
Әлімді тұтқын етіп кетті алып.

Әлімнен хабар болмай үш күн дәйім,
Не ғажап іс болды деп түсті уайым.
Жалғыз үй мал басында отырамын,
Қарағай суылдайды, сыпсың қайың.

Белдеуге түйе қоңыр атты байлап,
Сағынып жалғыз ұлды «я, құдайлап».
Есіктен Есім кіріп келді бір кез
Құбылып нұрлы жүзі гүл-гүл жайнап.

Есіммен есендесіп тысқа шықсам,
Күрең ат, кара арғымақ тұрған ойнап,
Қара аттың тасасында бір сұлу тұр
Тағызым қып иіледі ләззат ойлап.

Сәулесі бір туған ай жанып тұрған,
Уылжып бетінен нұр тамып тұрған,
Кигені зерлі мақпал, жасыл жібек,
Торғынмен тұла бойын таңып тұрған.

Көрдім де қайта айналып кірдім ішке,
Абырой бергей дедім әрбір іске.

- Бір ғажап қиын жұмыс болған екен,
Ай, балам, шыдамадың қайрат-күшке.

- Есеке, еске алғанмын күдіретті,
Көрерсіз тірі болсаң нелер кепті,-
Басқа сөз қайырмастан атқа мініп,
Шұрықта¹ жатамын деп жүріп кетті.

Тағы да мұнан кейін үш күн өтті,
Әлімді ұстап, ауылдың сикы кетті.
Жайықта Шекті елінен қызды қуып
Қуғыншы он жеті адам бұ да жетті.

Оралтып облыстан ісін ондап,
Уезден қағаз алған заңқой Шекті.
Әлімді ала-мала Қостанайдан
Даугерлер қыз әкесі бұл да кепті,

Аксақал, би-молдалар, шонжарымен,
Начальник, крестиян, сот, жандарммен,
Топ жинап, топыр сайлап келіп қалды,
Ат-анжам, қару-сайман, камдарымен.

Жиналып елге келсе Есім де жоқ,
Келер деп елдің Есім есінде жоқ,
Қырық жеті, тоғыз тоқсан алмаймын деп,
Әлімге салған дауда кесім де жоқ.

Тентегің қызымызды алып қашқан,
Баламды тәрбиелеп жастан баққан,
Қыз мінген, Әлім, сенің арғымағың,
Қалыңсыз қыз алдым деп қылма мақтан.

Бұл жерде көп кідіріп тұра алмаймыз,
Ынтымақ Қадишасыз қыла алмаймыз,
Ақ бата ежекабыл бұзылған соң
Берсең де бес мың қара тына алмаймыз.

Ер болсаң мынау істі тындырып бер,
Еріксіз Есімінді көндіріп бер,
Есерсоқ, ел бүлдірген тентегінді
Құл қылып жайдақ түйе міндіріп бер.

¹ жерде там — мола мағынасында.

Әкімге сені ұстатам мұңымды айтып,
Тауып бер Есіміңді шыныңды айтып,
Егер де Қадишаны қайтармасаң,
Қол тартып ел шабуға келем қайтып. -

Әкімге арқа сүйеп алған Шекті,
Кектесіп кеудесі ісіп болған Шекті,
Әлімге әлек салып жатыр бүгін,
Қанменен қайтарам деп болған кекті.

Әлім айтты: - Сөзімді тыңда, Шекті,
Келіп пе ең, кісі өлім боп құнға, Шекті,
Қуыпсың қашақ болған байталыңды,
Әкелсе қайыртармыз мұнда, Шекті,

Жалмауыз кәрі уезге арқа сүйеп,
Өзіңді өзің ұлық қылма, Шекті,
Ұрлаттым сол Есімге мен де атымды,
Ант, иман нанамысың жанға, Шекті.

Айыпқа ерді берген кімді көрдің,
Ойнаскор бір кәнизак тұлға, Шекті.
Ақымақ бір ұл, бір қыз болды екен деп,
Боялған бар ма қазақ қанға, Шекті?

Арамға бір шыққан соң адал болмас,
Бұл жерге ар-намысың салма, Шекті.
Онан да ортаға алып сөйлеселік,
Ол Есім келген болса мұнда, Шекті.

Ол Есім таптырғанмен түспес қолға,
Боларлық жігіт емес сіздерге олжа,
Түйеші Есмағамбет нағашысы ед,
Айтады оның жөнін келсе сонда.

Есімнің бұл бүлігі болды уайым,
Оңғарсын оңға оралтып бір құдайым.
Зіркілдеп начальниктер қысып жатыр,
- Қыз, жігіт таң атқанша болсын дайын.

Сұрады менен келіп Есім жайын,
Мен айттым бастан-аяқ осындайын,

Шұрықта қыз бен жігіт жатыр дедім,
Жатқанда ел бүлініп не қылайын.

Екі ел боп Есімді іздеп кетті шауып,
Шұрықта жатқан жерден алған тауып,
Шешініп ай-жай болып жатқан ұйықтап,
Болмаған көңілінде титтей қауіп.

Ұйқыда жатқан жерде қылмай қауіп,
Сыбдырын білдірместен ебін тауып.
Екеуін ұстап алған бетіменен
Әкеліп киіз үйге қойды жауып.

Қамады дау түйіні шешілгенше,
Жазасы жазықтының кесілгенше,
Тергеусіз тезінен сот үкім етті,
Шай қайнап, асылған ет пісіргенше.

Шектінің қызын беріп қайырмақшы,
Күрең ат айыбына бұйырмақшы,
Есімді бейсүрікті тұтқын етіп,
Ғашықты бір-бірінен айырмақшы.

Осылай даудың артын сөндіреді,
Зорлықпен елді осыған көндіреді,
Бұл болған уақиғаны бастан-аяқ
Бір досы Есімге кеп сездіреді.

Есімге мына билік ұнамас-ты,
Ер Есім бұл қорлыққа шыдамас-ты.
Қылышпен керегені жалғыз шауып,
Қақ төрден екі ғашық шыға қашты.

Шап берген қарауылды шалып өтіп,
Жүгіріп қалың атқа араласты.
Күрең ат, қара арғымақ кермеде тұр,
Өлсе де басқа малға қарамас-ты.

Аяғын үзеңгіге сала-мала,
Екеуі қос жүйрікпен шыға қашты.
Жабыла у-шу болып атқа мініп,
Есімнің тозаңына араласты.

Жан қалмай дақыртпенен кетіп жатыр,
Талайлар атты бер деп жағаласты.
Түйекөк шуу дегенде бір шалатын,
Қумасам жұрт көзіне жарамас-ты.

Түйекөк шуу дегенде кетеді ағып,
Жылмнып жермен-жексен бұлдыр қағып,
Суырылып қалың қолдан жалғыз жеттім,
Қол қатпай келе жатыр мені бағып.

Есім айтты:- Көкежан, неге жеттің!
Көзіне жаман болды мына көптің,
Айрылып Қадишадан қор болғанша,
Не өліп, не кетуге талап еттім...

- Қарқынын Түйекөктің елім білед,
Мен саған деп жеткем жоқ әлім келед,
Өлемін қумасам да, жетпесем де,
Бар пәле сен кеткен соң маған келед.-

Сол кезде бүкпелімен қалды жасқап,
Менде жоқ ұрысқандай қолымда аспап,
«Нағашым, кош енді» - деп жүріп кетті.
Сыпырып төбе терімді алып тастап.

Жығылдым бет-ауызым қанға малып,
Түк білмей есім танып, қалдым талып,
Боялған үсті-басым қып-қызыл қан,
Көтеріп үйге әкепті теңге салып.

Отырдым есім жинап, қаным жуып.
Нелер жүйрік бедеумен кеткен қуып,
Аттарын жаяу айдап кешке таман
Жете алмай келді бәрі жақын-жуық.

Құтылды қалың қолдан ерлі-зайып,
Зорығып талай тұлпар болды майып,
Солдаттар аты жүрмей келді қайтып,
Жеткізбей кетті десті болып ғайып.

Жиналып кеңеседі төре, қара,
Тексеріп кімнен кінә, кімнен айып,

Есімді ел қашқыны деп шығарды,
Қылышпен өз әкесін қылған майып.
Ісіне екі тентек ел күймесін,
Орынсыз іс қылған соң болмас лайық.

Әлімді босатады сонан кейін,
Айналды істің беті оңға бейім.
Бетімен қуғыншылар кетті тозып
Сұрау сап Омбы, Сібір елге дейін.

Сонан соң Есім кетті болмай дерек,
Сағындым, қолға түспес, неге керек!
Елімнен іздеп шыққан жолым еді,
Бұл үйде кез келтірді ғайып себеп.

Сол қашқан жалғыз балам, мынау Есім,
Кім білген игіліктің ерте-кешін,
Көрісіп мен жыламай кім жыласын,
Опық жеп он тоғыз жыл көрмегесін.
Неғып жүр содан бері, қайда кетті?
Есімнің енді өзі айтар әңгімесін...

Есекең соныменен сөзін кесті,
Бұлар да естуші едік бұрын десті.
Есімнің ерлігіне қанағаттап,
Жарайсың, сабазым, деп гуілдесті.

Бір мін жоқ Есекеңнің денесінде,
Дегендей бөркін алды көресің бе,
Бар екен ақ тақыры алақандай
Жұрт көрді нысананы төбесінде.

Есімге Мендіқара қымыз құйды,
Әлеумет сөз тыңдауға мойнын бұрды,
«Есіткенді көз көрер» деген осы,
Шырағым, жасырмай сок, көрген сырды.

Сөйледі сонда Есім белін шешіп,
Бұл дағы кетеді екен желдей есіп,
Тамаша тамсандыра сөйлеп өтті,
Өткізген уақиғасын бастан кешіп.

- Есекең айтып өткен менің сырым,
Бірталай мехнат етті Шекті зұлым,
Мен-дағы өз әкем деп іздеп келдім,
Жері жоқ жасыратын енді мұның.

Кеткенде он сегіз ай елден безіп,
Жүргем жоқ бір себепсіз жиһан кезіп,
Жолында бір ғашықтың жапа шегіп,
Не қиын мехнатқа жүрдім төзіп.

Адайдан мал алуға міндім атқа,
Жастықта бұл да қызық азаматқа,
Елінде Жағалбайлы жұрт жиналған
Кез келдім ат жаратқан бір ұлы асқа.

Қарақшы тігіліпті қыр басына,
Көз салдым жүйрігі мен жорғасына,
Бардым да бір шетінен орын алдым,
Жалғызбын, жолдасым жоқ өз қасымда.

Еліне ерте сауын таратыпты,
Байлықпен жұртты аузына қаратыпты.
Жеті ру Имамбектің асы дейді,
Не жүйрік, бедеулерін жаратыпты.

Адамның қарасына көз жіберсек,
Ауызбен санап қазір жетпейді есеп.
Алшынның ардақтысы бәрі кепті,
Жеті ру Байұлы мен Қаракесек.

Жараған нелер саңлақ бауырынан,
Төгілген жібек-желең сауырынан,
Алшаңдап жал-құйрығы сүзулі жүр,
Әр елдің қалмай кепті тәуірінен.

Ой желке, томаға көз, серке сандар,
Салпы ауыз, салқы төсті, ақ табандар,
Әр елден озып жүрген аты шулы
Теңбіл көк, текежәуміт, боз тарландар.

Әр жердің сыншылар жүр мақтап атын,
Басында той төбенің ат шабатын,

Ыңғайлы ат, ықшам киім киіп алып
Айдаушы айдап кетті хаттап атын.

Бір жерге жұрт ұйлыққан мен де келдім,
Отырған ошақ басы жерге келдім,
Жануар жолың болсын, озып кел деп
Күреңді көпке қосып қоя бердім.

Балаға аттың сырын айтып бердім,
Басына ақ орамал тартып бердім,
Алдына айдаушының салып беріп,
Манағы орыныма қайтып келдім.

Жол алып жорасымен балуан шықты,
Жұрт айтып мақтап тұрды асқан мықты,
Орынбор, Орал, Сібір, Сырдария
Аралап балуанының бәрін жықты.

Осылай жұрт шуылдап дәріптеді,
Үш жүзде теңдесі жоқ алып деді,
Сол кезде балуан жақтан біреу шығып:
- Жықпай бер бәйгемізді бөліп,- деді.

Балуанды отырғызды оңашалап,
Жиналып көрді халық тамашалап,
Отырды обадай боп майдан жерге
Шоқыдай шымнан соққан омақалап.

Баруға маңайына бір жан батпай,
Бәйгесін бермек болды жауап қатпай,
Айқайлап сонда біреу сөз сөйледі:
- Бәйгені неге алады атпай-шаппай?

Мыңдаған осы жұрттан бір жан шықпай,
Жығылып, не болмаса мұны жықпай,
Еркек боп ата-анадан тудым дейсің,
Шығындар, талапкерің бекер бұқпай!

Осылай жұрт шуылдап айтып жатыр,
Біреулер бара түсіп қайтып жатыр,
Біріне-бірі келіп «шықшы-шық» деп
Жұлмалап бірін-бірі тартып жатыр.

Сонда да шыға алмады бір жан беттеп,
Қобалжып отыр едім өзім де ептеп.
Иесі балуанның бәйгемізді
Тез бөліп алып кел деп сөйледі өктеп.

Орнымнан сол уақытта түрегелдім,
Қорғалап отыруды өлім көрдім.
Желең киіп, қыл шылбыр буына сап,
Жүгіріп балуанға жетіп келдім.

Шу етті дәйекшілер:- Мұның кім?- деп,
Бұ кімнің жын ұрғаны, қайдан жүр?- деп,
Жолдасып рұқсатты кімнен алдың,
Кезек жоқ қаңғымаға кейін тұр деп.

- Мен келдім күш сынасып бағайын деп,
Майданда бір жұлқысып қалайын деп,
Атамның аруағы жәрдем берсе,
Келіп ем шалқасынан салайын деп.

Мен келдім бірме-бірге барайын деп,
Етіп ем ендіккеннің талайын доп.
Мен келдім бір адамзат шықпаған соң,
Бәйгені жерде қалған алайын деп.

Сол кезде батыр Алмат: «бер, бер» деді,
Талапкер балуан шығар келген деді.
Айтып тұр аталы сөз, жолын бергін,
Көрелік балуандығын көзбен деді.

Орнынан сонда балуан түрегелді,
Қомсынып қарқ-қарқ етіп қатты күлді,
Кердендеп бір қолымен келіп ұстап,
Сілкілеп біраз ғана қозғап көрді.

Қулашым мықшынына зорға жетті.
Көтеріп бір-екі рет дөңгелетті,
Арғынды ажал айдап әкелді деп
Кейбіреу келекелеп мазақ етті.

Мен дағы қысыңқырап кеттім қунап,
Балуанның күлісіп тұр елі шулап,

Ақырып арыстандай япырым деп
Оскырып асаудай-ақ кетті тулап.

Көтеріп айналдырып ұрды қатты,
Қара жер табаныма жаман батты,
Үш қайтара бұлқынып түсіре алмай,
Қимылға кезек беріп мені бакты.

Сөйткенше дөңгелентіп айналдырдым,
Аспанға шарықтатып қатты үйірдім,
Қараңдар абыройды, ағаларым,
Айқындап таудай қылып алып ұрдым.

Мен емес дүние қуып, жүрген мал деп,
Дәріптеп жүр екен жұрт жоқты сәндеп,
Алдынан қалың топтың өте шықтым:
- Бәйгемді Арғын, Алшын, бөліп ал!- деп.

Көкпары, теңге алмақтар болып жатыр,
Талайлар аттан құлап талып жатыр.
Тоқ бәйге, жорға бәйге, құнан бәйге
Біреу озып, біреулер қалып жатыр.

Біреу шауып, біреулер тоқтап жатыр,
Біреулер күліп, біреулер боқтап жатыр,
Кейбірі ат үстінен аударысып,
Жиылғандар жыққанды мақтап жатыр.

Бірі олай, бірі бұлай шарк ұрады,
Ойынның бәрі бірдей саркылады.
Ат келмей түс ауғанша түтігісіп,
Ыссыда жұрт шөліккеп сарсылады.

Бесін боп күн төбеден ауып кетті,
Алдынан тосқыншылар шауып кетті,
Таң ата айдаған ат келмеген соң,
Ат шөлдеп қырылды деп қауіп етті.

Сол кезде шаң көрінді қоңыр дөңнен,
Халықтың үміті жоқ қан күреңнен,
Бір қара көз ұшында келе жатыр,
Жұрт атқа мініп алды көрінгеннен.

Зыркырап кырдан ойға салып келед,
Көрінім жер ұшында қалып келед,
Желге ұшқан жер бауырлап қыран құстай
Аяғы жерге тимей ағып келед.

Баланың әл-дәрмені құрып келед,
Саумалап бір тізгінін бұрып келед,
Таныдым сонадайдан қан күреңді,
Екі арты үзеңгісін ұрып келед.

Ылдидан қаракшыға өрге салды,
Төтеден косылғанның бәрі қалды,
Шеңгелдеп топырақты аспанға атып,
«Ақжол!»¹ деп сонда бала айқай салды.

Төскейде тұсаулы аттар жайылып жүр,
Талайлар шапқан атқа бой ұрып жүр,
Тұс-тұстан ұшқыр атпен дәйекшілер
Қамшының астына алып қайырып жүр.

Шабысы күрең аттың таң қалғандай,
Зып етіп өткенде жұрт қалды аңғармай,
Үстінен домаланып ұшқан көбік
Желдетіп, жапалақтап жауған қардай.

Кездіріп тоқтағанда тері кепті,
Күреңге жұрт шұбырып еріп кетті,
Болғанда ет пісірім уақытындай
Кейінгі ат тырағайлап зорға жетті.

Тігіпті бас бәйгеге елу бие,
Өлі отау, бір бас тоғыз, тоғыз түйе,
Жабулы қара нарға қалы кілем
Аты озған болды бір зор олжаға ие.

Мақтасты мұндай жүйрік көрмедік деп,
Қағатын орта жолда білмедік деп,
Өзді-өзі ақылдасып сөйлесіпті,
Бір тиын қаңғымаға бермелік деп.

Сен өзің қайдан жүрген кашқын, - деді,
Сен неғып байтақ елден астың, - деді.

Беретін сізге біздің бәйгеміз жок,
Атыңды сырттан ұрлап костың, - деді.

Не керек елдің беті болды теріс,
Арада өтіп жатты жанжал, керіс,
Үстіне күрең аттың мінін алып,
Мен көрдім жақсылардың бәрін тегіс.

Бәрі де ыңғай бермей жүріп кетті,
Кейбірі келеке етіп күліп кетті.
Ел кезген жалғыз атты мен жолаушы
Кетуге әлім бар ма кырып көпті.

Токтадым ақыл салып ой мен миға,
Қоршылық кім шыдайды мұндай күйге,
Қария, әділ кісі дегеннен соң,
Мен келдім арыз айта Шора биге.

Шектіде Шора бидің болғаны анық,
Сұрады жан-жүйемді әбден қанып,
Қартайып, сақал-шашы аппақ болып,
Алыпты ақ жібекпен жағын таңып.

Шора би бұл ісіңіз деді қиын,
Жинайын хабар салып елдің биін,
Жиналып ел қыстауға келген кезде
Бас қосқан болсын деді ұлы жиын.
Атыңды жылқыға қос, өзің тынық,
Жатуға ауырламас менің үйім.

Бермесе теңдігінді бұл жеті ру,
Жисам да алып берем елден жылу,
Жылқысын жеті рудың қуып әкеп,
Тұрармын кедергінде болса бұлу.

Үйінде сол Шораның бір сұлу қыз,
Қадиша оның аты ай мен жұлдыз,
Ат дауы, қыз сылтауы қабаттасып,
Сол үйде жатып алдым болғанша күз.

Жайык пен Ор бойынан бір жан қалмай
Жиынға кетті кәрі-жасы болып.

Шора би тройкалап күйме жекті,
Қасында бәйбішесі бірге кетті,
Жүйрік ат, палуандарын сайлап алып,
Аттанып асқа кетті қалың Шекті.

Бұл асқа бір ай бұрын сауын айтқан,
Сыздатып сырқат шіркін төсек тартқан.
Жиынға бармай үйде қалдым жатып,
Ас ішпей әбден жүдеп, жарап-қатқам.

Көп ойлап Қадишаны қайғы тартқам,
Ғашығы бойымды алып қайғы тартқан.
Қасірет демін тартып уһлеймін,
Шораның кіші үйінде он күн жатқам.

Шораның бәйбішесі аяйтұғын,
Өзінің бір ұлындай санайтұғын,
Төрт бөліп түн ұйқысын сусын тасып,
Жаны ашып, жайыма көп қарайтұғын.

Тоқалға кетерінде көп тапсырды,
Сырқауды зарықтырма деп тапсырды,
Сен дағы көзің салып жүргейсің деп,
Ежіктеп Қадишаға кеп тапсырды,

Мен сорлы Қадишаға болдым ғашық,
Жүректі әрбір түрлі қайғы басып,
Он төрт ай өз үйінде жатқанымда
Бір ауыз тіл қатпады аузын ашып.

Далаға бір шықпайды қадам басып,
Оң жақта отырады отын шашып,
Бір жанға езу тартып күлген емес,
Кірмейді ауыл-үйге есік ашып.

Қыр мұрын, қызыл жүзді, жазық маңдай,
Жібек шаш, қиылған қас, үшінші айдай,
Ертемен екі көзі туған шолпан,
Дүниеге көрініске келген жандай.

Ақ білек, жұмыр саусақ, күміс тырнақ,
Бұғағы омырауына жатқан құлап,
Жаралған жалғыз өзі сымбатты боп,
Ауру боп ауасында жаттым улап.

Жатырмын жалғыз өзім оңашада,
Жаратқан бұл дертіме жол аша ма.
Шөлдесем тоқал байғұс сусын берер,
Иіндеп қымызға тұр кара саба.

Қадиша келді бір күн көңлім сұрай,
Мұңдыға мұңсыз пенде жанаса ма?
Көзіме көзі түсіп езу тартты,
Таң ба әлде мазағы ма, тамаша ма?

Немесе ауруымның емін біліп,
Өзінің жүрегімен бал аша ма?
Болмаса шешесінің тапсырғанын
Мойнына борыш көріп қараса ма?

Әйтпесе тілдескелі келді ме екен,
Сырының кілтін аша оңашада?
Келгенін Қадишаның шеше алмадым,
Ой жылжып әр нәрсеге таласа ма?
Басымды көтеріп ап, ән шырқадым,
Қолыма домбыраны ала сала...

«Мен келдім бөтен елдің арасына,
Бермеді менің теңдік таласыма,
Құдай-ау, маған берген бұл дертіңді
Кез қылма мұсылманның баласына.

Көз қарайып, жүрегім кетті сазып,
Кез келдім мехнатқа неден жазып,
Қайғының кара тасын белден қазып,
Қан қашып, әлсіредім әбден азып.

Ұйқы жоқ, тыным да жоқ, шыбын жанда,
Белгісіз қасіретпен атқан таңда,
Сарп етіп өмірімді берер едім
Дауасын осы дерттің тапқан жанға...»

Сол кезде қыз күлімдеп:- Пәлі,- деді,
Ауру жеңген жоқ екен әлі деді.
Өлейін деп жатқанда өлең айтып
Жігіт сордың болмайды-ау ары деді.

- Шырағым, тілектес пе ең өлгеніме,
Он төрт ай сергелденде жүргеніме,
Қан толып жүрегімді қайғы басып,
Қапамен күйінемін сенгеніме.

- Мен сенің тілекті емен өлгеніңе,
Қайранмын мұнда бүйтіп жүргеніңе,
Жағалы ел жалғыз жанға теңдік бермес
Қайтсайшы текке жүрмей енді еліңе.

Жұртыңда жолдас-жораң бар емес пе,
Жалғыздың жүрер жолы тар емес пе?
Айырылып, ел, ағайыннан далада өлген,
Басына ер жігіттің ар емес пе?..

- Қайтармын, көп жатпаспын мен де еліме,
Мен дағы қосылармын теңдеріме,
Дауасы осы дерттің бір жанда тұр,
Мезгілсіз сол кінәлы өлмегіме.

- Орынсыз кім кінәлы өлмегіңе,
Мал іздеп елден қаңғып жүрмегіңе,
Кім кепіл жаратушы хақтан бөтен,
Жалғанда өлмей дәурен сүрмегіңе?

- Сен кепіл, осы дерттің емі сенде,
Сен үшін мен бір сырқау мұнды пенде,
Егер де жас жаныма қасың болса,
Моламның көр қызығын, көрге көм де.

- Сен жігіт, ауру болма менің үшін,
Мен дағы ойланамын теңім үшін,
Байланған басым менің нокталаулы,
Қол жетпес жұлдыз дерсің соның үшін.

- Сен біткен көк айдарға өрім талсың,
Сен құйған шыныаякқа шекер-балсың,

Туғаннан түгін алтын түлемеген,
Жем болған кара аюға ақ маралсың.

Сен аюу айдын көлге мойнын созған,
Мен сұңқар тоғыса алмай топшым тозған,
Байлаулы, бас нокталы, аяқ баулы,
Нең артық асыранды қоңыр қаздан?
- Жүрміз ғой тағдыр жетіп өлмеген сон,
Дүниеге басқа зат боп келмеген сон,
Жарлы қып жаратса алла шараң бар ма,
Тағдырға не боламыз көнбеген соң.
Махфузда тәңірім солай жазған болса,
Қолыңнан талпынғанмен құр не келсін.

- Махфузда сол жазуды кім көріпті,
Сырласып сол құдаймен кім келіпті,
Махфузда жазған шығар бір тәңірі деп
Жылатып шалға қызын кім беріпті?

Айтасың надандықпен мұны босқа,
Сұм тағдыр қарсы ма екен жаны досқа,
Жазуын сол тақтайдың өшірер ме ең,
Егер де сені тәңірім маған қосса?..

- Көруші ем сені дана данышпандай,
Жауменен жайың бар ма алысқандай,
Қамалған қағиданың торындамын
Бұзуға айбын керек арыстандай.

- Бұзармын темір қорған торыңызды,
Жорықта тәңірім ашқай жолымызды,
Бұл сертке тірі жүрсем мен жетермін,
Ант үшін әкел, сұлу, қолыңызды.

- Көк майса мезгіл болды жер көктеген,
Барады өмір өтіп ермекпенен,
Жүр едім ерлігіңді мен де танып,
Болсын серт көрмек менен, келмек сенен.

Бір өзі жүз байталдық аты шулы,
Адайда бір жүйрік бар телкөк деген,

Оны да қоса ала кет жетегіңе,
Онсыз да бір бүлінбей ел кетпеген.

Мінгесіп күрең атпен жүре алмаймыз,
Жабымен жау жолына кіре алмаймыз,
Онан да рұқсат ет, жаным, маған,
Қосылып, сірә, дәурен сүре алмаймыз.
- Сен аққу айдын көлде мойнын созған,
Мен сұңқар тоғыса алмай топшым тозған,
Қорықпа, қапаланып, қалқам менің,
Озатын жүйрігім бар Адайбоздан.

Әлімнің Самарский наз бедеуі
Күреңнеп кейде қалып, кейде озған.
Күрең ат, кара арғымақ қолда барда,
Жау бар деп жасқанбайтын Есім жазған.

- Ендеше, алып келші арғымағың,
Көтерсін сені байғұс аруағың,
Тентіреп сеніменен жапанда өтсем,
Алмаспын минутына ханның тағын.

Мінеки қабыл көрсең, бердім қолым,
Әрқашан, арыстаным, болсын жолың,
Жалғызым, жан-тәнімнің еркі сенде,
Аясы ақ төсімнің сіздің орын!

Күнбе-күн тәуірлендім дәмге қарап,
Азырақ ішкен асым бойға тарап,
Ауылдың асқа кеткен көп адамы
Бұлар да келіп қалды күн-түн сабап.

Шора би: «Тәуірмісің, балам, деді,
Бір жағы болдым саған алаң деді,
Кішкене әлің кіріп атқа мінсең,
Сөзінді енді қолға алам» деді.

Бой жазып тысқа шықтым, атқа мініп,
Жағалап, жакын таныс ел қыдырып,
Бір күні Шора биден рұқсат алдым,
Сейіл қып келейін деп біраз жүріп.

Күреңмен күн-түн қатып елге келдім,
Аманда жайлап жатқан жерге келдім,
Үйге кеп Есекеңмен есендесіп,
Жылқыдан кара атты ұстап, ерлегенмін.

Тағы да тынбай жүріп Шекті бардым,
Қара атқа елсіз сайда шідер салдым.
Сырт орай сыр білдірмей жүре бердім,
Жанына жақындамай сүйген жардың.

Түйініп киім-кешек ыңғайланып,
Біз жүрміз көз қағысып, тіл байланып.
Хабарсыз үйдің іші біздің сырдан,
Бір сайда екі жүйрік тұр байланып.

Елестеп алдымызда үміт сағым,
Білмейміз кімнің соры, кімнің бағын,
Қуаныш, қорқыныштың бәрі қызық,
Дариға, өтті бастан сол бір шағым.

Біз жеттік уағдалы сәтімізге,
Жеткенше шыдамады дәтіміз де,
Ел жатып шырт ұйқыға түгел кетті,
Қан да жоқ біздің ақша бетімізде.

Жетектеп екі атты алып келдім ұшып,
Ақырын үйге кірдім іштен пысып,
Қадиша мені күтіп отыр екен,
Шыға бер деді қайта қолым қысып.

Шегініп кейінірек тұрдым бағып.
Сұм жүрек жарылмай тұр енді нағып,
Үстінде жеңіл камзол, зерлі телпек
Жарк етіп шыға келді отын жағып.

Ойладым көз қаққанша әлденені,
Сұм тағдыр алдап жүр ме әлде мені,
Өңім бе, бұл түсім бе? Бір жаратқан
Шынымен берді ме ынтық дүниені.

Әл-дәрмен, ақыл-қуат кетті бойдан,
Есіркеп еткіздің бе маған сайран,

Болмасын қу құдайдың бұл мазағы,
Бұл бақыт мен сорлыға келсін қайдан.

Қадиша шыққанында есік аттап,
Береке, құтым кетіп қалтырақтап,
Аузыма не түскенін білмей қалып,
«Киімің қайда» деппін сандырақтап.

Қадиша бұл сөзіме салып құлақ,
«Бұл сөзді қалай айттың деді, шырақ,
Киім бе еді керегің, мен деп жүрсем,
Алтын ал, дүниеқор болсаң бірақ».

«Неге айттың,- дедім,- қалқам жолама деп,
Тұрғанда бақыт құсы қона ма деп,
Бір сенің камың еді, дүние құрсын,
Айтып ем түн салқын ғой, тоңа ма деп».

Біз жүрдік Рақметтің даласына,
Біз келдік бір жалтыр көл жағасына,
Бір соғып осы араға кетелік деп,
Бұрылдық қалың құрақ арасына.

Қадиша сол құраққа кетті кіріп,
Ат ұстап кейінірек қалдым тұрып,
Киімін қоржынға сап тыққан екен,
Мен күлдім бұл қулығын сонда біліп.

Қара атқа қарғып мінді қайтып келіп,
Жібекпен тұла бойын таңдым берік,
Күзетші айқайлап жүр, иттер үріп,
Біз дағы жүре бердік жортып, желіп.

Жүгіртіп жүйріктерге камшы бастық,
Лезде неше қабат белден астық.
Із тастап, қуғыншының бетін бұрып
Әйетке Ордан өтіп, бұра қаштық.

Ат соғып өзіміз де қатты шөлдеп,
Құландай қақтан безіп жүрген желдеп,
Бет түзеп күншығысқа төте тартып,
Оралып оңтүстіктен кеттік көлбеп.

Сонымен күн-түн катып елге келдім,
Әкемді, шешемменен аман көрдім,
«Шұрықта» жасырынып біраз жаттым,
Сусындап тұнығынан туған жердің.

Қалыңға барып жатып дамылдадық,
Не десең екеуміз де қабылдадық.
Бұл жерде жеті күндей жаттық тыныш,
Жасқанып, жау келер деп қорынбадық.

«Шұрықтың» жері берік елден қағас,
Айнала қалың тоғай, қалың ағаш,
Ағаштың ортасында бір терең сай
Бұл жерге аңнан бөтен жан жоламас.

Жер екен киік, құлан ойнағындай,
Табылды бір бекініс ойдағыдай,
Ақ бұлақ, найза бойлы терең шұқыр
Бір мың қой қотанының аумағындай.

Шаршаған ұйқы көрмей күн-түн катып,
Шешініп ай-жай болып қалдық жатып,
Қызықпен өткен таңдар таңға ұласып
Біз жаттық махаббаттың балын татып.

Шаттықпен көңіл шіркін судай тасып,
Қаперсіз ұйықтапмыз кара басып,
Шыбынсыз шырт ұйқыда жатқан шақта
Лап қойып аңдыған жау қалған басып.

Орнымнан апалақтап тұрдым сасып,
Астыма бір-екеуін қалдым басып,
Айнала карулы әскер қамап алған,
Құлағын берденкенің тұрған ашып.

Буылдым шығара алмай бойдан күшті,
Тәуекел енді күттім ақырғы істі,
Бір атқа екеумізді мінгестіріп,
Ауылға тұтқын қылып әкелісті.

Шора би тілек қыпты, қызды атсын деп,
Айтыпты Әлім, сотқа тіл қатсын деп,

Тартысқан екі жактын талабымен
Түрмеге ұйғарыпты бір жатсын деп.

Есекең айткандай-ақ - сонан қаштық,
Ағайын, туған жермен амандастық,
Кетпек боп белең алған елден аулақ
Қоштасып қайтпас жолға кадам бастық.

Қылышпен өз әкемді шауып кеттім,
Басына қызыл қанды жауып кеттім,
Ер болса, есіркейтін паналауға
Елегізіп елден жырақ ауып кеттім.

Ұстатпай кеттім қашып қалың жауға,
Бергендей шыбын жанға тағдыр сауға,
Сол қашқан бетімізбен әрман өтіп,
Біз бардық паналауға Ұлытауға.

Тәуекел етіп жүрдім әрбір жайда,
Көрген іс ұмытылмай жүреді ойда,
Дәулетті бір кең адам дегеннен соң
Мен бардым ұзын Қыпшақ Шашамбайға.

- Жараймын сатсаң бұлға, құлыңызға,
Болармын жаным жақсы ұлыңыз да,
Алыстан әдейі іздеп келдім сізге,
Асқар тау, паналауға ығыңызға.

Деген жоқ бұл сөзімді ол да жала,
Жайлауда отыр екен бір кең дала,
Жанасып, жаным жағып жақын болып,
Сүйікті Шашамбайға болдым бала.

Аямай қолға берді дүние, малын,
Белгілі оған дағы біздің Әлім,
Ұл болып өз алдыма отау тігіп
Сол елде дәурен сүрдім бір жыл жарым.

Көргенім ыза, бейнет бала жастан,
Қасардым, қайратыма қарамастан.
Есімді көрген кісі ұстасын деп
Уездің атрапынан жарлық шашқан...

Мен сорды бір қыл ауыз білдіріпті,
Есітіп Шекті тағы құтырыпты,
Қуғыншы жандаралмен келіп жетті,
Салады-ау, дедім тағы бір бүлікті.

Мен сендім Шашамбайға тындырар деп,
Мен үшін малын шашып қырдырар деп,
Қазақша бітім жасап, ебін тауып
Аяғын бұл жанжалдың тоздырар деп.

Шашамбай қозғалма деп сендірді анық,
Кетпес деп мен де ойладым серттен танып,
Шектіден сегіз жүз сом сыйлық алып,
Алдына бізді жаяу берді салып.

Ақсауыт Шашамбайға:- Тоқта деді,
Сабазды қор қылмашы жоққа деді.
Шашамбай басын шайқап, қолын сілтеп.
Басыңды мұның үшін шатпа деді.

Сол жылы кара арғымақ өлген арам,
Күн болды енді бізге ылғи каран,
Бір атқа Қадишаны мінгізіп ап,
Бір жауыр жайдақ тұғыр берді маған.

Ер жігіт елден ерек қор болмасын,
Алды-арты бірдей қамау тор болған соң,
Бір карап Қадшиаға көзім түссе,
Мөлдірей ағызалды көзден жасын.

Қадиша айтты:- Ағаеке, не қыласың,
Түс болды мұндай күйге сорлы басым,
Есімді ерттеулі атқа міндіріңдер,
Ұлы ғой ата-ананың, қор болмасын.

Ақырды Қадишаға бұлар және:
«Жауызға жаның ашып болма нала,
Сөйлейсің не бетіңмен елге карап,
Ақ істі арам еткен жүзі кара!»

Есімге келе жатыр беріп азап,
Жеткізбей айлық сапар жерлері ұзақ

Жездем деп кез келгені тартып кетіп,
Қамшымен бір-бір салып етті мазақ.

Тал түсте кең шалғынға келіп жатты,
Ат соғып шаршаған жұрт бәрі қатты,
Біреуін карауылға отырғызып
Шалғынға күрең атты арқандатты.

Қарауыл отыр еді қалғып-шұлғып,
Түзге отырған кісідей шықтым жылжып,
Бүкпелім табанымда тығулы еді,
Арқанды бір-ақ шауып міндім ырғып.

Үстіне аяғымды арта бердім,
Әр кезде тәңірім нені салса көрдім,
Ер-тоқым, жүген, қамшы бірі де жоқ,
Қақпалап екі жақтап тарта бердім.

Қадиша «қош, аман бол» деді көріп,
Кетуге лажы жоқ соңыма еріп,
«Ер болсаң есігіңе бір соғарсың,
Ажалға амал бар ма қалсаң өліп».

Мен қойдым аттың бетін құба белге,
Жұрт қалды шаңға ілікпей қуған жерде.
Қалың мал, қара құрым Жағалбайлы
Мен келдім ымырттата бір көп елге.

Ауылдан жарақтанып алайын деп,
Тастадым күрең атты сайлау жерге.
Бір үйге ел жатқан соң кіріп келдім.
Жағалай жатқан қонақ ұйықтап төрде.

Төр алдында дөңкиіп қонақ жатыр,
Қарындары қабақтай, жуан балтыр.
Қымызға мас, құлынның етін жеген
Бәрі тырдай жалаңаш құлап жатыр.

Қиындық көріп жүрдім әрбір жерде,
Кім болсын жәрдем етер біздей ерге.
Ілулі бай, мырзаның киімдерін
Жайласып киіп алдым қойып жерге.

Үюлі алтын жабдық ер-тоқымды
Текшелеп тұрманымен будым ерге,
Жоқшылық, жүдеуліктің бәрі кетіп,
Сайланып тартып кеттім елсіз шөлге.

Түйіндім кең сапарға белді буып,
Кісім жоқ паналайтын жакын-жуық,
Осыдан Қадишаны алмай кетсем,
Еркек боп неге керек маған туып?

Болғанда Қадишамның күні қаран,
Мен сорға саяхаттап жүрмек арам,
Дариға, неден сорлы жаратылдым,
Болғандай артым тұман, алдым боран.

Торлаған Қадишаны улы аран,
Жолы жоқ бұзып шығар жалғыз тарам,
Патшалық, байлық, бақыт сұрамаймыз,
Жасаған неден бізге болдың саран.

Сұрадың бәрін қойып жалғыз арман,
Не керек бұдан басқа дүние жалған,
Қимадың екеумізге ен далаңды
Ұшқан құс, кем көрдің бе жортқан аңнан?

Болар ма Қадишаның жолын тоссам,
Сапырып қанды сел қып, қанға қоссам,
Қадиша ол соғыста жазым болса,
Кетер ме көкіректен қайғы, құсам.

Болмақшы Қадишаның халі нешік,
Немесе мен жазым боп бір оққа ұшсам.
Екеуміз бірдей өлсек, өкінбес ек,
Бұған да жеткізер ме тағдыр дұшпан.

Біресе әрі, біресе бері жүрдім,
Бірде жылап, бір кезде іштен тындым,
Қара бұлт, қараңғы түн желсіз тыныш
Адамға белгісі жоқ ой мен қырдың.

Ойланып ой түбіне жете алмадым,
Бет қойып бір жағынан...

Айрылып ақылымнан даң-дұң болып,
Қиялдың қиясынан өте алмадым.

Таң атты, түн түріліп құлан иек,
Көрініп көзге сұлу оқа жиек,
Бозторғай шыкылықтап әнге басты,
Жез сырнай көмейіне қойып тиек.

Сол кезде жүректі арбап бір ой келді,
Сөуге болмас деді барлық елді,
Араз боп адамзатпен кете бермей,
Қол артып, тағы сына бір мықты ерді.

Басқаға Қадишаны қия алмаспын,
Бұл үшін жаннан қорқып ұялмаспын,
Бір ерге арқа сүйеп іс қылмасам,
Қызды алып, мен қазаққа сыя алмаспын.

Мен бардым правитель Мұқанды іздеп,
Қиын іс ғашық жардан күдер үзбек,
«Ардақты аруағыңа атым,- дедім,
Қор болып, тақсыр төрем, келдім «сіз» деп.

Ағыттым бастан-аяқ іштің шерін,
Қалдырмай уақиғаның айттым түрін,
Шектіден жесірімді әперіңіз,
Болмады сіз болмасаң, басар жерім.

Өлгенше құлдығында күн кешейін,
Ант етіп, ат артына мінгесейін,
Күшіңмен Қадишамды бір алдыршы,
Бір көріп алтын жүзін тілдесейін».

Уезге правитель инабатты,
Тарту қып беріп салдым сыйлап атты,
Жанында Жамантайдай сыншысы бар,
Көрсетті тысқа шығып күрең атты.

Жамантай айтты: - Жігіт қырқар екен,
Қу ілген айдын көлден сұңқар екен,
Алатын ас пен тойда шапшай бәйге,
Күрең ат топтан озар тұлпар екен.

Жиналған тамашаға би мен датқа,
Жарасар мал екен деп салтанатқа,
Аяңдатып, желдіріп, шаптыртады,
Салдыртып алтын әбзел күрең атқа.

Кездіріп қойды байлап кермесіне,
Ар үшін амал бар ма бермесіме,
Талай жұрт таңдай қағып таңырқасты,
Байғазы тұс-тұсынан келмесін бе!

Ат пен нар, қалы кілем, алтын жабдық,
Құйылып келіп жатыр жел несібе.
Дырдумен бірнеше күн өткеннен соң,
Төренің сонда арызым келді есіне.

Шораның шақыртуға заңғарларын,
Шораның хаттап кел деп мал-жандарын,
Ат-анжам, кару-жарақ сайманымен
Жіберді шақырушы жандаралын.

Қызды алып қуғыншылар келсін түгел,
Ер емес Есім қыздан күдер үзер,
Токтаусыз деп билерге жазды бұйрық
«Тұтқын қып қыз әкесін бірге жібер».

Сүйікті жігіт болдым тыңайған соң,
Жүйрікті мінді төрем тоғайған соң,
Шектіден кісі хабар алып келді,
Көп жүріп арасында бір айдан соң.

Шорекен бұларға да шығындаған,
Параны асты-үстіне тығындаған.
Қалыпты қайла тауып қызды бермей,
Дүниеде байлық шіркін не қылмаған.

Я, таксыр, қыз келмепті мұнда,- дедім,
Қыз келмей, сірә, бітім қылма, дедім,
Ұстадым ер еді деп етегіңнен,
Басынды әділдіктен бұрма дедім.

Сөйлесті жауап алып үш күн ұдай,
Баска жұрт сөзге кірмей тұрды былай.

Шектіден бір тайтұяқ алтын алып,
Тағы да сұлтанымды ұрды құдай.

Былайша правитель бұйырыпты,
Сегіз би түгел келіп жиылыпты,
Ақтыға сегіз жерден мөр басылып,
Некесі әңгіменің қиылыпты.

«Әуелі өкпе-пана қойсын кекті,
Есімге бір сұлу қыз берсін Шекті.
Болмаса бір қыз үшін үш жүз бойдақ,
Беруге қолдан санап көнсін Шекті.

Оннан бір билік ақы билер алсын,
Өкпені арадағы суға салсын,
Азар, кек бір-бірінен көрген бейнет
Аяқсыз алмай-бермей жерде қалсын.

Есімге берсін бұлар бір мың теңге,
Ризамын қайратына, Есім ерге,
Сонымен ғашық отын бұл сөндірсін,
Қыз барсын ақ баталы берген жерге.

Қазақтың қағидасын бұзса дағы
Есімнің шыққан жоқ па басы төрге».
Қыз қалса өздеріне олар түгел
Бұған да құлақ какпай болды пенде.

Төремнің әділдігі болды мәлім,
Сыртым сау, болып жүрмін ішім жалын,
Жеткізсе арманыма, айтқаным шын,
Не қылам Қадишасыз дүние, малын.

Ақтыға қол қойыстық қуанғансып,
Кек алып, ашу басып, жұбанғансып,
«Қызығын қыздарыңның көріп болғам,
Бере бер күйеуіне болған таңсық».

Дедім де жүре бердім ойнап-күліп,
Төреге қызмет еттім зыр жүгіріп,
Салса да қиын іске орындаймын,
Болмады сұлтанымда титтей күдік.

Төрені ханымынан артық бақтым,
Айтқанын екі еткізбей қыбын таптым,
Екі елі өз қасынан қалдырмайды
Басқадан артығырақ ханға жақтым.

Төре де қайратымды жүрді аңдап,
Аузынан тастамайды «Есімжандап».
Өзіммен еріп жүріп елді аралап,
Бір сұлу аларсың деп қойды таңдап.

Төренің қыздары да «ағайлайды»,
Әзілдеп оңашада жаралайды.
Қаншама жүз құбылып, мың толғанса
Ізіне Қадишамның жарамайды.
Әншейін күн еткізіп ермек еттім,
Қылғандай жанға серік әләләйді.

Базарға правитель жүрмек болды,
Жүрісін күрең аттың көрмек болды.
Бастығы жолдасының Есім сері,
Нөкерге алпыс жігіт ермек болды.

Ақ шатыр тіктіреді артып түйе,
Қасына қалмай ерді бай мен биі.
Сексен қой, он екі тай сойыс алып,
Айдатты сусынына елу бие.

Қанымға тройкалап жеккен күйме,
Пауеске әшекейлеп алтын түйме.
Жабдықтап тоғыз қара ат салт жетелеп,
Жөнелді құрметтесіп үйме-жүйме.

Астымда ақжал, қалтамда бір мың теңге,
Мұнанай базарына тарттық жөнге.
Салдыртып алтын жабдық алқалатып,
Салт мініп шықты төре қан күреңге.

Ақжал ат жер баспайды мойнын толғап,
Базарға төреге еріп келдім бірге.
Секілді жақын жаны ашитұғын,
Мен болдым жұмсайтыны қиын жерде.

Алдында Мұнанайдың шатыр тігіп
Көрсетті салтанатын әрбір елге.
Жапырып шалғынына бие байлап,
Қырдырып жатыр малды Құлы көлде.
Қазақтың қазынасын аясын ба,
Тұрғанда аққан селдей тасып өрге.
Алдырды күрең атты мінемін деп,
Аралап әр көшені көремін деп,
Қасына мені бірге алып жүрді,
Оязбен бір тілдесіп келемін деп.

Қос күрең мініп алдык майда жалға,
Жиналған мындаған жұрт қан базарда,
Аралап тар көшені біз келеміз
Базар тұр таң-тамаша сыймай малға.

Қақ жарып күрең атпен келе жатты,
Көңілін дүниенің жабырқатты.
Жолдасы төресімен келіскен деп,
Мұнанай базар халқын таңырқатты.

Жалтылдап омырауда алтын алқа,
Басына алтын қалпақ киген шалқа,
Алдына бәрі келіп алдиярлап,
Тақсырлап қолын алды қайта-қайта.

Адамзат тең келместей хан мен бекке,
Секілді жалғыз тәңірі жер мен көкте,
Қанынды, ханым, сенің бір ішсем деп
Мен жүрмін келер ме ең деп жекпе-жекке.

Аспандап қан күрең ат мойнын иіп,
Бүккендеп серпіледі бойын жиып,
Еліріп желдей есіп аяндайды
Тізерлеп талпынады жерді түйіп.

Уездің қақпасына жетіп келіп
Көп халық тамашаға келген еріп,
Уезбен бір тілдесіп шығайын деп
Ұстатып күрең атты кетті еніп.

Қан күрең қосар атқа мойынын асып,
Күрсінді қайғы тартқан жандай жасып,

Тіземе көзін сүртіп иек қақты,
Дегендей, құтқарар ем, кетсең қашып.

«Жан достың Қадишаны жауға беріп,
Ар, намыс, ыза, кекті малға беріп,
Қамы үшін кара бастың айуандарша
Төренің қызылшы боп соңына еріп.

Жүргенше мұнша қор боп неге өлмейсің,
Дүниеде тірі болып не көрмейсің,
Атқан оқ, шапқан атқа жеткізбес ем,
Үстіме неге мініп жөнелмейсің?»

Дегендей атым маған, бұзылды ойым,
Жүрегім өрепкіді, мұздап бойым,
Жетектеп және қиял жүр-жүрледі
Болсын деп қан базарда үлкен ойын.

Секіріп күрең атқа мініп алдым,
Суырып бүкпелімді қолыма алдым,
«Қаштым мен, енді төре қалдың жаяу!»-
Деп көшені қаңыратып айқай салдым.

«Ал ұста, ал ұста!» деп қамшы басты,
Боп қалды айқай-ұйқай ұры қашты.
Қаптаған қалың базар мыңдаған жұрт
Ұстауға қалың шаң да араласты.

Кейбірі қамшыменен ұрып қалды,
Кейбіреу етегімнен жұлып қалды.
Сатырлап мылтық, найза шатыр-шұтыр,
Андамай талай кісі өліп қалды.

Ал ұста, эне кетті, сасып жатыр,
Кейбіреу мылтықпенен атып жатыр.
Көшеде жаяу жүрген базаршыны
Аттылар абайламай басып жатыр.

Ақжал ат қосарымда жүрген бірге,
Тал түсте тар көшеге салдым өрге,
Кім өліп, кім қалғанын кім біледі,
Қаршылдап тиді семсер біреулерге.

Қос күрең келе жатыр құстай ұшып,
Ағады аяқтары тимей жерге.
Қыл жалы тік тұрады зырлағанда,
Екпіні бейне ұқсайды соққан желге.

Өлімнен титтей менің хабарым жоқ,
Қашудан басқа серік амалым жоқ,
Қуғыншы көз байлана қала берді,
Құтылып кеттім аман, ажалым жоқ.

Құтылып қуғыншыдан демімді алдым,
Түйініп ұзын жолға ыңғайландым.
Қос күрең бірін мініп, бірін айдап,
Жайыққа - Қадишаға сапарландым.

Шектіге сегіз күнде келдім тағы,
Сыналар осы жолы ердің бағы,
Қалың ел қара құрым көш келеді, -
Атымды бұра жүрдім көрдім дағы.

Қисайып көшке келдім елбелеңдеп,
Қарайды қосар атқа көрмеген көп,
Астында ұзын құла торы аты бар
Бір жігіт бара жатыр көлденеңдеп.

Атының аяңымен бұйып барад,
Қара жер қанжығасын сызып барад,
Атының аяңымен әнге басып,
Қарасын қалың топтан үзіп барад.

Жақындап келдім жайын байқайын деп,
Азырақ сөйлесіп сыр тартайын деп,
Егер де ер жігіттей қалпы болса,
Осыған бір сырымды айтайын деп.

Атыма жетіп келдім қамшы басып:
Қаралы мойнын толғап амандасып,
Ақ құба, жебелі мұрт, ұзын жігіт
Кеуілім кетті елігіп судай тасып.

Я, жігіт, түсің солғын кімсің, - деді,
Қай жерден ат арытып жүрсің? - деді.

Азырақ аты-жөнің баяндашы.
Қайырлы сапарыңыз болсын,- деді.

Ішінде Кіші жүздің руым Тама,
Жайлауға беттеп көшкен елім жаңа.
Екенсің бір жас бала жүзің солған,
Тартқандай жас басыңнан қайғы, нала...

- Ей, аға,- дедім сонда біз бір мұнды
Жолында ғашықтың болдым жынды,
Бір шылбыр, екі тізгін бердім сізге
Өзің біл ұстап берсең бір қашқынды.

Сұрасаң, өзім атым дейді Есім,
Есімнің естуші ме ең әңгімесін,
Осында Қадишадай ғашығым бар,
Өзің біл, замандасым, ендігісін.

Ей, аға, ғашығыма мені жеткіз,
Бақыттың бақшасында сайран еткіз,
Сенімен үшінші рет ерге асылдым
Не жеткіз, не соларша арманда өткіз...

- Білемін, күрең атты Есімбісің?
Шектіні сан бүлдірді-ау сенің ісің.
Сыр білмейтін кісіге жөніңді айтып,
Білмейтін өлеріңді жындымысың?

Мен болсам бір көргеннен сенген кісің,
Талғамай тарыққанда келген кісің,
Бір сапар қызмет етіп жіберейін,
Қолымнан келер болса бұл жұмысың.

Бір асқан ер едің, сен, қайрат, ісің,
Жанымды неге аяйын келсе күшім,
Сен үшін бұл жұмысқа кірісейін
Басқаға сырынды айта, білсін ішің.-

Қондырды осы араға елін жинап,
Көрейін деді саған жанды кинап,
Бермекке күйеуіне Қадишаны
Бұл Шекті елін жинап жатыр сыйлап

Байладым қос күреңді оңашаға,
Жиналып жатыр тойға бала-шаға,
Қыз-қатын ауыл үсті қалың адам
Сайрандап батып жатыр тамашаға.

Елеусіз болдым мейман ел ішінде,
Ылғау жоқ, ықыласты ер ісінде,
Қалың ел қабақтаса қона кеткен,
Көп ауыл көрініп тұр көз ұшында.

«Сен жат» деп, достым тойға қалды кетіп,
Арада кетті біраз уақыт өтіп,
Астында жабасалма жатыр едім,
«Есімжан, қайдасың?»- деп келді жетіп.

Әзілмен бота қалжың келді ойнап,
Сұлудан айрылдың деп сорың қайнап,
Бетінен шаттық оты шашылып тұр,
Алғандай қыздан хабар гүл-гүл жайнап.

«Шораның барып келдім ордасына,
Үй іші толған екен төр басына.
Бардым да шет жағынан орын алдым,
Түспейді қыздың көзі болмашыға.

Жиналған шоң желкелер, байлар кілең,
Елінің басты адамы бәрі білем,
Ортаға дүниесін үйіп қойған,
Будырған ала арқанмен тайлап кілем.

Дақа мен жанат, тиін, сусар ішік,
Жасыл нұр үй ішіне сәуле түсіп,
Тай шешіп, тең ақтарып үйіп салып,
Тастайды жағасынан сілкіп, қысып.

Сәукеле алтын шашақ березелі,
Күмістен күмбез қаққан керегелі,
Өзінің ауырлығы сегіз батпан,
Төбесі төрт қапсырма кебежелі.

Ала тон алтындаған қанат ілді,
Жиһаздың бәрі қымбат жаратымды,

Болды екен неден ыстық қу дүние,
Кетірді қызықтырып тағатымды.

Күмбездей аппақ отау қызыл-жасыл,
Беренмен оюлаған бұйымы асыл,
Әңгіме гуілдеген үйдің іші,
Бұрышта бұғып отыр күйеу масыл.

Бүкшиген біреу отыр бойы тапал,
Қожыр бет, адырақ көз, бурыл сақал,
Бақшиып Қадишаға қарай беред,
Күйеуі нақ сол болса не таң атар?

Осыған бермек болған бар-ды серті,
Есептеп дүниесін жатыр кейпі,
Ойбайласаң, өлсең де қарар емес,
Дүниеге таңырқаған есіл-дерті.

Отырдым Қадишаның көзін аңдып,
Алыпты ақ жібекпен белін шандып,
Көзіне көк тиындай көрінбейді
Салтанат осыншама байлық, сәндік.

Сарғайып ақша жүзі солғын тартып,
Бір жанға көзін салмай қанын сарқып,
Қайғының бесігіне бөленгендей
Уһлеп күрсінгенде демі шалқып.

Жаратқан тәңірім неден жолын тар қып,
Жазықсыз жас арудың құнын мал қып,
Жағалай жұртқа сұлу бір қарады,
Шағынған зағыптардай мұңын зар қып.

Қараған қайғылының көзін аңдып,
Аузымды қисандаттым қызды таң қып,
Кісідей таңырқаған тағы бақты,
Бір қағып иегімді қалдым қам қып.

Орнынан сонда тұрып келді жуық,
Жинаулы артымда бар бір көп сандық.
Сандықты сылтауратып ашқанда қыз,
Тақымын бұрап қалдым, түсті қарғып.

Айтайын енді шынын ажарламай,
Келгем жок сүйгеніңе хабарламай,
Қызбенен арадағы уақиғамды
Көпшілік қалды байқап-бағарламай.

Қыздың да жүрегіне кірді сұмдық,
Танымай таңырқаттым етіп қулық.
Есіктен ере шығып жалт-жұлт қарап,
Асығыс сөйлей алмай тұр буылып.

Жарыңның өкпелеме қолын сүйдік,
Сүп-сүйрік саусағынан аппақ сүйрік,
Есім келді, Есім деп сыбырладым,
Қисайтып езуімді ернім шүйіріп.

Түсінді, келмей қалса кінә өзінде,
Жарыңа қосыларсың болса бұйрық.
Араңа бітуажа болып жүрмін,
Жегізіп кетпесең де бауыр, құйрық!»

Тыңдадым достың сөзін қылмай күдік,
Ақ отау көрініп тұр салған үзік.
Мінеки құрбымыздың бергені деп
Көрсетті шынтағынан алтын жүзік.

Сөйткенше қыздар шықты қолтықтасып,
Көк көйлек көлең қағып былқыл басып,
Желбегей желге қарай серуендеп,
Барады белдемпая қырдан асып.

Қадиша қоңыр қаздай ойқастайды,
Жарқырап жазираға нұрын шашып,
Ондалып орайына келер-ақ деп
Отырмын шаттық кернеп судай тасып.

Келеді бағылан қойдай маң-маң басып,
Қасында қыздар күліп сыңқылдасып,
Достым айтты шақырып жамағатын,
Үйге әкел жанайласа есік ашып.

Оралды қыр астына бара сала-ақ,
Ауылға жуық жүрді жанасалап,

Аралап келе жатыр әрбір үйді,
Жүргенсіп көшпелі елді тамашалап.

Жатайын дедім сонда бетім жауып,
Қадиша білсе келер қылмай қауіп,
Сездірмей қасындағы нөкеріне,
Ишарат білісерсің ебін тауып.

Қаларсың көз қағысып ыммен қанып,
Аңғарсаң білдіреді сырын анық,
Бұл елде бірер тәулік болған едім,
Пәлеге ұшыратар бірі танып.

Далада жас жеңешем жолын күтті,
Қадиша іркілместен келіп жетті, -
Сапарың құтты болсын, бикешжан, - деп
Егіліп епті жеңге құрмет етті.

Дұрыс қой серуендеп жүргеніңіз,
Танысып жарастық қой білгеніңіз,
Кісі жоқ, жат-жаладан ағаныз бар,
Қонақ боп дәм татыңыз, үйге еніңіз.

Жамылып шекпенімді жаттым төрге,
Қадиша жолдасымен келді бірге.
Өзіне таныс болған тас тақия,
Көк сауыр кебісімді қойдым жерге.

Дастарқан жайып жеңгем дәмін төкті,
Биенің жебе сауым мезгілі өтті.
Аңырып аз кідіріп отырды да,
«Рақмет, рақмет» деп шығып кетті.

Кеткен соң түрегелдім, немене деп,
Қадиша енді маған келе ме деп,
- Таныды тас тақия, кебісінді
Көзімді айырмап ем біле ме деп.

Көзінен көріп жарық жасын төкті,
Ишарат ымдасуға скен епті,
Көзіме көзі түсіп бір кеткенде,
Үш рет қолыменен жерді түртті.

- Ал енді, замандасым, болды дедім,
Басыма бақыт құсы конды менін,
Үш күндей осы жұртта тос деп кетті,
Күрең ат аруағына бердім, ерім!

- Алмаймын күрең атты, берме,- деді,
Ат жолдас қысылғанда ерге,- деді.
Жүргенде жау қолында жаяу қалып,
Жабыдан жаман қорлық көрме,- деді.

Қоштасып көшіп кетті беріп азық,
Қапыда сол достымнан қалдым жазып,
Сол жұртта үш күн тостым қыз келмеді,
Уағда қайда дедім алтын қазық.

Отырдым мен сарғайып, ұстап атым,
Келмеді ғашық болған марқабатым,
Қос күрең бірін мініп, бірін айдап,
Ауылға жетіп келдім таңға жақын.

Шеттегі қараша үйге атты байлап,
Сыптай боп шалбарландым бойды ыңғайлап,
Суырып семсерімді қолыма алып,
Ордаға кіріп келдім «а, құдайлап».

Ордаға кіріп келдім, қолда қылыш,
Тыңдасам білінбейді ояу дыбыс,
Ермесе екі бөліп Қадишаны
Кетейін, ең ақырғы болсын бір іс.

Өмірі Қадишаның әлде қанша,
Семсерге берсін жауап серттен танса,
Болмаса қияметте табысармыз,
Жылатып бір жаманға қор болғанша.

Үй ішін шақпақ шағып қалдым шайқап,
Сәулесін Қадишаның қалдым байқап,
Көзіне көзім түсіп кеткен шақта,
Кенеттен келген қиял кетті тарқап.

Неше күн ұйқы қысқан үйін аңдып,
Алыпты тұла бойын түгел шандып,

Шап беріп білегінен ұстағанда
Түлкідей төсегінен түсті қарғып.

Зерлеген масахана жасыл жібек,
Тоқтамай лүпілдейді сасып жүрек,
Бауларын бір-бір қиып жинап алып,
Қойныма тыға салдым, бар ғой тілек.

Жетектеп ала-мала шықтым тысқа,
Қарауыл босағада жатыр тыста,
Аяғын басып кетті абайсыз қыз,
Ол сорлы атып тұрды қапылыста.

Дегенше «ойбай аттан», қалдым басып,
Тырп етсең шабамын деп қаның шашып,
Қылышты жарқ еткізіп көтергенде
Жым болды жан тәтті ғой омақасып.

Қыз мініп ақжал атқа қайта келді,
Күренді көлденендеп тарта берді,
Екеуміз екі жүйрік мініп алдық,
Қолыма қызды құдай қайта берді.

Құбылды шіркін жаным қалған жасып,
Көңлім ат мінген соң судай тасып,
Ауылдан ай астына тарта бердік,
Қосылып кідігайлап әнге басып.

Ит үріп, айкай-ұйқай, азан-қазан,
Қыз кашты деп бакырды таң мен азан,
Жүгіртіп жүйріктерге камшы бастық
Аппақ шаң көрінеді артым тозаң.

Бет түзеп енді кірдік ұзын жолға
Болсын деп азық жолда, тізгін қолда,
Сол кашқан бетімізбен әрман өтіп,
Біз бардық үлкен шаһар Орынборға.

Үйінде бір татардың бір ай жағтық,
Атқа да, өзімізге пәтер таптық.
Базардан керек-жарақ алмақ үшін,
Ақжалды жиырма екі сомға саттық.

Күреңге арба жегіп камыттадық,
Ақырын ел қыдырып қалықтадық.
Жұпыны жыртық жеңдеу киім киіп,
Халыққа сұлу сырды танытпадық.

Ойылды кәсіп еттім егін орып,
Түн ұры, қаз, үйректен күндіз қорып,
Егіннің көгін отап кете берді,
Жер екен аламанды тышқан қорық.

Бұл жерден келесі жыл кеттім жылжып,
Аяңдап Құйылысқа бардым сырғып,
Жайнамаз, қолда таспық сопылықпен
Аллалап араладым елді мүлгіп.

Боп жүрдім бірде балгер, бірде бақсы,
Болған соң жүр едік деп дүние тапшы,
Кейбіреу келемеждеп айтып жүрді,
Екен деп жарың сұлу, атың жақсы.

Айғырдан кестіріп ем деймін азбан,
Зіл аяқ тұғыр еді күшке жазған.
Кен құрсақ қас кедейдің нағыз қолы ед,
Бұл күнде азып жүр деп бағымы аздан.

Осы жыл Қосаралды араладым,
Жанасып жанашырға паналадым.
Бұл жерде бұл кәсіппен жүре алмаспын,
Бұдан да кетейін деп шамаладым.

Келер жыл Қарақалпақ көктей өттім,
Ташкентті бір-екі жыл мекен еттім.
Бас қосқан үш қазақтың ортасы деп,
Қоян жыл Ақмешітке келіп жеттім.

Тамадан қоныс алдым Сыр бойында,
Бейнеттің көрдім, халқым, мұндайын да,
Жайладық соңғы кезде Қаракүмды
Іздеу де Есекенді жүрді ойымда.

Тірі болса дидарын көрейін деп,
Өлі болса суынып келейін деп,

Қартаятын уақыты болып еді,
Хал-жайын барып әбден білейін деп.

Қарсақпай, Қайдауылды араладым,
Сұрау сап бес қыпшақты сараладым,
Елімнен шыққаныма екі ай болды,
Қабырға, Торғай бойын жағаладым.

Ас пенен деп іздедім тойда бар ма,
Шыбын жан табайын деп бойда барда,
Дәулеттінің дәмінде кездестірді
Бұл үйде тап болам деп ойда бар ма.

Қуаныш көңіл жайлы болған соң жол,
Ағалар, жиналыпсыз ақылы мол,
Баяғы Тама достым таба алмадым,
Өлгенше ұмытпайтын арманым сол.

Іздесе табады екен ер мұратын,
Қартайып кезім емес болдыратын.
Бұл күнде жиырма жеті жасқа келді,
Әлі бар жан жолдасым, күрең атым.

Жалданбайды, жүреді жоны ашылмай,
Адамның аты жолдас баласындай,
Бұл күнде бір ұл, бір қыз перзентім бар,
Сұрасаң біздің жайды, міне, осындай...

Әр түрлі арғы атамды айтады әркім,
Атамнан алты жаста жетім қалдым,
Көрісіп мен жыламай, кім жыласын
Қолында өсіп едім мынау шалдың!..

Сұрасаң руымды Алтай арғын,
әкемнен алты жаста жетім қалдым.
Көрісіп мен жыламай кім жыласын,
Қолында өсіп едім осы шалдың.

Есімнің міне осындай әңгімесі,
Бұл қисса әңгіменің тәржімесі.
Ішінде бірге болған Қлжабай би,
Кеңестің сонан қалған бір жүйесі.

Жас жігіт атшысы екен Кермен байдың,
Тараған Кермен байдан мұның жайын.
Баласы Иманкүлдың Әбдірахман,
Сөйлесе ағызушы ед сөздің майын.
Аузынан сол кісінің алған жаттап,
Ертегі жиған кісі ед сөзін баптап.
Есітіп сол кісіден өлең еттім,
Әлімнің келгенінше эаздым шақтап.
Болмысын оқиғаның баяндадым,
Өтірік қосқаным жоқ босқа мақтап!